

## Тарихы – терең, келбеті кемел басылым

Осыншама жылдар арасында басылым жақсылықтың жаршысы, қиындықта қолдау бола білді. Корпоративтік газетте зауыттың ұзақ жылғы тарихы жатыр. Кәсіпорынның қалыптасуы, зауыт жұмысшыларының жетістіктері, өндірісті дамыту сонымен қатар жаңашыл спорттық және мәдени шаралар туралы жарыса жазылған. Бұл газетте – қазақстандық мұнай өңдеу саласы тұңғышының бүкіл өмірі бейнеленген.



Қазіргі таңда зауытпен үзеңгілес келе жатырған «Новатор» басылымы 75 жасқа толып отыр.

Қарт басылымның мерейтойына орай байырғы редакция мүшелері мен газетке тікелей де, жанама да еңбегі сіңген жандармен жылы жүздесу ұйымдастырылған болатын. Керемет атмосферада сүйікті еңбек ордасында жүздескен

жандар түрлі ақпараттармен бөлісті. Корпоративтік басылымның осыншама ұзақ өмір сүруінің өзі ешкіммен тең келмес ерекшелігінің бірі. Қаншама жыл қаламдарын ұштап, көптеген зауыттықтардың өмірі мен қызметін баяндаған жандардың естеліктерімен бөлісіп, бір-бірімен жүздесуінің, әдемі кездесудің куәгері атандық.

40 лет на заводе



Жағымды атмосферадағы зияткерлік шайқас

## Историю завода хранят газетные подшивки



Интересной получилась беседа во время круглого стола, посвященного 75-летию газеты «Новатор». В камерной и непринужденной обстановке об истории газеты и завода рассказывали приглашенные редакторы «Новатора» прошлых лет, переводчики, бывшие сотрудники пресс-службы и нынешние сотрудники завода.

Яркие, забавные, сложные серьезные и всегда исторические картинки жизни АНПЗ россипью выдавали собравшимся Елена ЕСЕНОВА, Индира САТЫЛГАНОВА, Светлана КАЛИЕВА – бывшие редакторы заводского «Новатора». Они рассказали, как удалось сохранить завод в трудные 90-е, когда многие предприятия, в том числе сложные производства шли ко дну и закрывались, оставляя сотни потерявших почву под ногами атырауцев. Как завод менял направления работы, но руководители тех лет находили правильные слова в правительственных кабинетах и выводили предприятие на нужные рельсы, сохраняя рабочие места и зарплаты.

– Далеко ходить не нужно: рядом стоящий химзавод на всех порах унесся в прошлое – следа не осталось. Но наш завод сохранили вовремя принятые меры и неравнодушие не только руководства завода, но, главное, неравнодушие сотрудников, – говорит легендарный руководитель пресс-службы прошлых лет Елена Жоламановна Есенова.

Она рассказала, как в 2005 году корпоративная газета перешла с четырех страниц на 8-полосный формат: Юрий Александрович Пастухов пошел в редакцию «Ак Жайык» и вернулся с цветной «толстушкой», поставил всех перед фактом – страниц отныне будет в два раза больше.

– Он был исключительно творческий человек и абсолютно не учитывал финансовую сторону вопроса, – смеется Елена Есенова. – Пришлось мне идти к финансовому директору и защищать новую версию «Новатора». В таком формате газета просуществовала до 2019 года.

Тогда же, в 2005 году, случились еще два социально важных события на заводе: «Новатор» и заводской транспорт стали бесплатными для заводчан, благодаря пресс-службе, которую в те годы возглавлял известный в городе журналист, ныне покойный Жасулан КУЖЕКОВ.

Гульнара Кулпейсова рассказала, как предана своему делу была ее мама, редактор газеты 1977 – 1998 годов Малике Аманжоловна. Она воплощала в жизнь

все идеи: при ней газета стала двучетной, четырехполосной, говорящей и живой – Малике Кулпейсова, помимо материалов под традиционными рубриками, публиковала на страничках «Новатора» короткие заметки из жизни заводчан на волнующие их темы.

Александр Пастухов, сын Юрия Александровича Пастухова, считает, что вовлеченность в процесс работы должна быть именно такой, как у его отца.

– Будьте преданы делу, и это не замедлит дать свои плоды, – пожелал он сотрудникам редакции.

Хранительница заводского музея Надежда СИЛИНА помнит всех редакторов газеты: некоторых лично, других – из исторических теперь уже документов. Она отметила, что не пропускает номера газеты, читая онлайн-версию на сайте завода. С 2011 года «Новатор» существует в электронной версии.

**Қаржаубай СҰЛТАНҒАЛИЕВ**, зауытта 25 жыл аудармашы болып қызмет атқарған. Новатор газетіндегі орысша мақалаларды аударуға көмектескен

– Мен газеттің қызметкері ретінде де жұмыс жасап үлгердім. Ол кезде жетісіп жатырған нәрселер көп емес еді. Десе де сол заманның редакторлары жоқтан бар жасап, газеттің өміршеңдігіне өз үлестерін қоса білді. Осындай құрметке, осындай байсалдылыққа, осындай тұрақтылыққа ие болу әркімнің қолынан келе бермейді. Менің төрімде де басылымның архивтері сақтаулы тұр. Мен үшін ыстық естеліктердің бірі. Атырау мұнай өңдеу зауыты ірі мекемелердің бірі. Оның өз газеті болуы керек. Адамдары туралы жазылу керек. Мәселелер қозғалып, шешімін табуы керек. Бұл ақпарат құралының еңбегі ұшаң теңіз. Әрине кең көлемде мақалалар жариялануы үшін оның көлемі де кең болуы керек. Ал қазіргі редакцияның оған күші жетеді деп ойлаймын. Сол тұрғыда сіздерге шығармашылық табыс тілеймін. Абыройлы болыңыздар!

**Директор департамента управления персоналом и оплаты труда Гульнар ДОСТАНОВА** вспомнила, как много лет назад, придя на работу в заводскую редакцию, думала, что писать в газету – дело несложное.

– Я пришла в пресс-службу и вообще ничего не боялась, потому что там редактором работал мой учитель, Юрий Александрович Пастухов. Этот человек не считался со своим личным временем.

**Светлана КАЛИЕВА**, Новатор газетінің 2010-2015 жылдар аралығындағы қазақ тілді редакторы: – Новатор ұжымы мен үшін ең ыстық орталардың бірі. Мен алғашқы қазақ тілді редакторлардың бірі болып жұмысқа тұрған жылдары газет беттеріндегі материалдардың жартысы қазақ тілінде тең жартысы орыс тілінде болуы керек болған. Мен үшін зауыт өмірі, адамдары, түрлі тағдырлар қызықты болып, барлық ақпараттарды қазақша беріп жіберетінмін. Ол кездерде басылым 8 беттік әрі апта сайын шығып тұратын. Бейсенбіден бейсенбіге дейін өмір сүрдік десем болады. Зауыт қызметкерлерінің көмегімен өте ауқымды әрі қызықты материалдар жарық көрді. Зейнеткерлер қоғамында қызмет өткен Людмила Скоробогатовамен көптеген ардагерлерді араладық. Сол кезде зауыт зейнеткерлері «бізді ұмытпағандарыңызға рахмет» деп жататын, біз үшін күнделікті айтылатын сөз ретінде қабылдайтынбыз. Ал бүгінгі күні мені ұмытпай, елеп, ескеріп, құрмет көрсетіліп жатырғанда сол сөздердің қадірін ұққандаймын. Үлкен алысымды білдіремін. Ұжымға биік шыңдар тілеймін. Басылымның мерейтойларында жинала берейік.



Я помню, как в пятницу, если что-то не получается с транспортом, нет такси, автобусы со Старого рынка тогда не ходили, Юрий Александрович пешком нес на себе пачки с газетами, чтобы заводчане могли прочитать заводские недельные новости. Люди скачали по газете, ждали ее выхода, она давала им самую настоящую коммуникацию. Все узнавали из «Новатора» о достижениях друг друга и спешили поздравить. Здесь, на заводе, работал мой папа, и газету я знаю с детства. И если другую газету дома могли как-то использовать в быту, то «Новатор» складывался в подшивку, это было святое, – вспоминает Гульнар Нурсултановна. – Не менее благодарна я Малике Аманжоловне.

Она помогла, когда мы только развивали на заводе пресс-службу. Хотя тогда она была уже на пенсии, никогда не отказывала в помощи. Я думаю, что газета с каждым годом становится все лучше и лучше. И хотя в наш мобильный век не всегда удается сохранить актуальность новостей, тем не менее, в корпоративной газете всегда есть место бессрочным авторским материалам.

Сотрудникам нынешней редакции газеты «Новатор» и прошлых лет заместитель генерального директора по общим вопросам Салимжан НАКПАЕВ вручил благодарственные письма и памятные подарки. А главное – все унесли с собой тепло воспоминаний прошедших лет.



Сонымен қатар мереке қарсаңында мұнай компаниялары арасында кіші аяқ добынан турнир ұйымдастырылды.

Додаға барлығы мұнайшылардан құралған 8 құрама команда қатысты. Нәтижесінде «Ембімұнайгаз» АҚ I орынды иеленді. Жұлделі II-ші орын Казтрансойл мекемесінде тиесілі болса, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ III-ші орынға жайғасты.

ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ

## «Галстуксыз» жүздесу

Атырау мұнай өңдеу зауыты – түрлі мамандық иелері, әр салада жетістікке жеткен жандар жиналған үлкен орда. Қарапайым лауазымнан бастап басшылыққа дейін көтерілген зауыттықтар үнемі өз тәжірибелерімен бөлісіп жүреді. Зауытымыздың жас мамандар кеңесі қызметтік жолын жөндеу-механикалық цехында слесарь болып бастап, бүгінгі күні сенімділік және механикалық тұтастықты қамтамасыз ету департаментінің директоры Юрий КУСТАДИНЧЕВПЕН «галстуксыз» кездесу ұйымдастырған болатын.



Кездесу өте жағымды атмосферада, еркін әрі қызықты өтті. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін алпауыт кәсіпорынға жұмысқа орналасқан жас қызметкерлер үшін мотивацияға толы жүздесу болды. Отырыстың еліктірер тұстары көп болғаны соншалық, сұрақтың үстінен сұрақ туып, өте әсерлі жауаптар қайтарылды.

Ю. Кустадинчев зауыттағы жастар ісі кеңесінің алғашқы құрылтайшысы, экс-депутат, кәсіпорындағы ойып алар орны бар маман. Кездесу барысында оның квн ойындарын ойнап, биге қатысып, радиода қызмет жасап, дебаттарда сөз сөйлегені белгілі болды. Осы тәжірибенің барлығы өмірінде көп септігін тигізіп жүргендігін тілге тиек етті. «Менің қызығушылықтарым өте көп болды. Өмірде барлық нәрсені жасап көру керек деп есептеймін. Сонымен қатар адамдармен араласу, бай-

ланыс табыстың басты кілттерінің бірі екендігіне көзім жетті. Ең алғаш, қазіргі таңда басшылық қызметте жүрген Наиль Хакимов, Азамат Уртамбаев, Қанат Раукен сынды азаматтармен біз бірге бастап, жас мамандар кеңесін құрғанбыз. Түрлі шаралар ұйымдастырылды, республика бойынша слет ұйымдастырдық», - деп еске алды.

Өз кезегінде жастар тарапынан қиын ситуациядан шығу жолдары, шешім қабылдаудағы іс-қимыл, күнделікті күйбең тірлікте қалып кетпей, өзін-өзі дамыту туралы тәжірибелер сынды сұрақтар қойылған болатын. «Қандай жағдай туындаса да өз-өзіңе деген сенімділіктің болуы маңызды. Әрине, білімдінің күні жарық екені де жасырын емес. Және жоғарыда айтып өткенімдей адамдармен байланыс. Мен үлгі ала-

тын, ақылдасатын, кеңесетін жан – ол менің әкем. Бірақ шешімді әрдайым өзім қабылдайтынмын. Жауапкершілікті өзеге артпауға, шешімді жеке өзіңіз қабылдаудың да маңызы зор. Батылдық – ол өз-өзіңді алдамау. Ең үлкен күш – сенімділік пен шындықта. Қорқыныш үнемі болады. Сондықтан да сенімді түрде шешім қабылдап, соған жетуді мақсат ету керек деп есептеймін», - деп жауап қатты.

Сонымен қатар, қонағымыз кітап оқудың маңыздылығын атап өтті:

«Біздің департамент қызметкерлері арасында жаңа жасын тойлау кезінде кітап сыйлау дәстүрі қалыптасқан. Соның ішінде кәсіптік әдебиетті

оқуды әдетке айналдырғанбыз. Осы тәжірибені барлығыңызға ұсынамын. Оқу арқылы өрістеріңіз кеңейеді, тілдеріңіз жаттығады, көп нәрсеге басқаша қарауды үйренесіздер, және де білімдеріңіз артады. Көп оқыған – озады».

Көптеген инсайтқа толы жүздесу жастарға ерекше шабыт сыйлады. Өз кезегінде кәсіпорынның жұмысты жаңа бастаған қызметкерлері үшін жемісті жүздесулердің бірі болды. Кеңес мүшелерінің тарапынан зор алғыс білдірілді.

Жастар ісі кеңесінің алғашқы төрағасы кез-келген уақытта сұрақтарға жауап беріп, өз көмегін көрсетуге дайын екендігін айтып өтті.



КРУПНЫМ ПЛАНОМ

## 40 лет на заводе

В сентябре Марата Каримова коллектив ПИТН проводил на заслуженный отдых – после 40 лет безупречного труда. А за месяц до выхода на пенсию мы поговорили с Маратом Хазиповичем о нем, о его семье и, конечно, работе.

В Гурьев Марат Каримов приехал в 1983 году из Уфы. Там он родился и вырос, закончил школу. После окончания уфимского нефтяного техникума новоиспеченных нефтепереработчиков распределяли на работу в три уфимских предприятия и один казахстанский.

– Подумал я и решил: поездим по миру, начну с Казахстана, год отработаю, посмотрю, что за страна такая, – рассказывает Марат Хазипович.

Приехал в Гурьев. На завод устроился. В общежитии ГНПЗ в Жилгородке комнату дали.

Прошел год, потом два...

– Ну еще год поработаю и вернусь в Уфу, – продолжает Каримов свою историю. – На заводе начал оператором, потом мастером по ремонту, начальником смены, замом начальника... Я же все время уезжать назад в Уфу собирался. Но каждый год на заводе меня спрашивали: «останетесь, может, работать?». «Ну, останусь», – отвечал я, переводился на новую работу или повышали меня в должности, а сам думал: «Ну всё, последний год – и домой». Так и прожил три года в заводском общежитии.

А на четвертый год Марат Хазипович женился и получил «однушку» от завода. Свадьбу в Уфе сыграли, родители Марата гурьевскую сноху приняли как дочь.

А потом мысли о возвращении в Башкирию отпали сами собой: ответственность за супругу, а потом и за старшего сына, работа была стабильная, и Ка-

римов уже крепко-накрепко подружился с заводом. Работал много и на совесть. Затем от предприятия семье выделили трехкомнатную квартиру, второй сын родился...

Между тем вся его семья – братья, сестра и родители жили в России. Но ностальгии по родине Марат Каримов теперь не испытывал: с 17 лет он был самостоятельным – учиться уехал из родной деревни в большой город, потом три года в армии, на флоте служил, потом снова учился и приехал работать в Казахстан.

– Так получилось, что всё теперь у меня здесь. И мысли об Уфе просто пропали. Совсем. Не было у меня ностальгии. Атырау стал моим домом: я его принял как родину, и этот город принял меня, – говорит Марат ага.

Два сына Каримова закончили уфимский государственный нефтяной технический университет. Старший работает здесь, на АНПЗ. Младший после учебы остался в Уфе, работал в Газпроме и Транснефти, а затем ушел в науку, защитил кандидатскую, доцент кафедры трубопроводного транспорта, сейчас пишет докторскую.

Марат ага месяц назад вышел на заслуженный трудовой отдых. Теперь они вместе с супругой Натальей, которая тоже работала на нашем заводе и тоже пенсионер, готовы жить для себя.

– У нас частный дом, огород, так что занять себя всегда есть чем. Да и внуки у нас разделены по двум странам, полгода будем здесь, другие полгода – в Уфе, с детьми младшего сына время проводить, – говорят Каримовы.

– А вы башкирский знаете?

– Татарский, – улыбается Каримов. – Татарин я. Пара дней в Уфе – и я полностью переключаюсь на татарский. А два дня мучаю оба языка.



Завод оба супруга любят, называют «кормильцем».

– Он мне не только достаток и жилье дал, тут я самое ценное встретил – свою супругу. Всегда думаю, что сделал правильный выбор тогда, в молодости. Если бы не завод... – Марат ага замолкает, задумывается на секунду и продолжает: – Много дал завод – и достойный заработок, и крышу над головой, и радость, и знания... 40 лет на заводе, в июле было.

За 40 лет производство далеко вперед шагнуло, считает Марат Хазипович:

– Раньше всю работу мы вручную делали. Элементарно нужную задвижку открыть не с первого раза получалось. А замеры как делали?! Ногами по 20 метров вверх и обратно по три раза за вахту. К концу смены пластом лежали. То ли дело сейчас! Только работой: все оцифровано, замер на мониторе вид-

но, кнопку нажал – задвижка открылась. Изменилось многое на нашем производстве за 40 лет. Даже резервуаров всего два осталось старых.

Очень благодарен Каримов своему наставнику – Борису Александровичу Голубеву.

– Я за ним по пятам ходил: куда он – туда я, что делает смотрю. Он мне задвижки помечал красным и зеленым или палку положит, приметит чем-нибудь, чтобы я не забыл, где открыть и что закрыть. В общем не жалел сил на меня, – рассказывает Марат Хазипович. – Работать я оператором начал, а через год начальником смены стал. Затем заместителем начальника и руководителем был. Знаний много накопил, но всё, что знаю, я тоже передал молодым сотрудникам. Теперь спокойно могу отдыхать. Пора заводу меня отпустить.

ОЙЫН-САУЫҚ

# Жағымды атмосферадағы зияткерлік шайқас



Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері «Квиз, плиз!» ойынына қатысып, қызықты уақыт өткізді. Бір айта кететіні тек жастар ғана емес, кәсіпорынның аға буын өкілдері де ойында белсенділік танытты.

Мұндай ойындар қатысушылардың ұжымдық рухын, ұйымшылдығын дамытуға арналған. Ойынның арнайы әзірленген тапсырмалары мен сұрақтары жалпы эрудицияға, логикаға, сонымен қатар мұнай саласындағы білімге бағытталды. Қатысушылар ойын барысында көтеріңкі көңіл-күй мен жағымды эмоцияға көнелді. Сұрақтардың қиындығына қарамастан зауыттықтар олардың дұрыс жауабын таба білді.

Ойын басталмас бұрын командалар топтасып, ақылдасып атау ойлап тапты. Оның өзі әр топтың бірігуіне, ой алмасуына септігін тигізді. Нәтижесінде «Жобалаушылар», «Аналитика», Miami Heat, «Острые козырьки», «Альфа» Ш «ЦЗЛ», «Atlanta», «Отойти от IT», «Инфинити», «Комета» және «Энергия тепла» атты 10 команда құрылып, 100 адам білімдерін тексерді. Аталмыш ойын 7 кезеңнен тұрды, әр кезеңде 6 сұрақтан қойылды. 30 секундтың ішінде қатысушылар алдарына берілген қағаздарға жауап жазып, мамандарға тапсырып отырды.

Әр кезеңнен соң дұрыс жауаптары айтылып, қатысушылардың жағымды, жағымсыз эмоцияларын ашық білдіруіне септігін тигізді.

Ойын арасында демалыс жарияланып, зауыт тарапынан ауқаттанып, энергия жинауға мүмкіндіктер ұсынылды.

Сайыс өте тартысты әрі қызықты өтті. Уақыттың көп бөлігі ұялы телефонмен өтетіндіктен, аталмыш көште гаджеттерді арнайы қорапқа салып, зауыттықтар уақыттарын өте тиімді өткізді.

Қорытындысында үш команда алға суырылып шығып, жүлделі орындарға ие болды. I орынды – Miami Heat командасы жеңіп алса, II орынға – «Комета» тобы жайғасты. Ал «Отойти от IT» қатысушылары III орынды иеленді. Жеңімпаздарға және орын алмаған 7 командаға түрлі сертификаттар табыс етілді.

Кейін, қатысушылар жағымды эмоцияларымен бөлісіп, осындай ойындарды жиі өткізуді сұрап, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Жеңісті күндеріміз көп болсын!



«НОВАТОР» басылымы №24.  
1 желтоқсан 2023 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
060001, Атырау қ.,  
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі, 1  
тел.: 8 (7122) 25-95-84

Газет «Полиграфсервис» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Орал қ., Л. Толстова қ-сі, 27/6  
Байланыс нөмірі:  
50-51-46, 51-41-99  
Тиражы 1200 дана  
Тапсырыс №24

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
бастығы – Ш.Кажимжанова.  
MEDYAGROUP ЖК:  
жетекшісі – Д.Мұхамбетов  
Редакторлар – И.Козонова,  
А.Қабдешова.  
Суретке түсіруші - Б. Амантаев.

Газет  
Қазақстан Республикасының  
баспасөз және бұқаралық ақпарат  
министрлігінде 1992 жылғы  
27 мамырда тіркеліп,  
тіркеу туралы  
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама  
материалдары мен  
хабарландырулар,  
құттықтаулар және көңіл айту  
мазмұнына жауап бермейді.

**НОВАТОР**